

Хаттама

«№49 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – де 2025 жылдың 11 желтоқсан күні мектеп директорының «Жылдық есеп, сапа, жетістік, ынтымақтастық және даму басымдықтары» тақырыбында есеп беру жиналысы өтті.

Жиналыс төрағасы: Аманғосов А.Қ.

Хатшы: Оразымбетова Б.Н.

Жиналысқа қатысқан қамқоршылық кеңесі мүшелерінен 17 адам.

Күн тәртібінде:

1. №49 жалпы білім беретін орта мектебі басшысының жылдық есебі, сапа, жетістік, ынтымақтастық және даму басымдықтары.

Тыңдалды:

I. №49 жалпы білім беретін орта мектебі қамқоршылық кеңесі төрағасы Аманғосов Абат Қожайұлы сөз алды:

- Бүгінгі жиналыстың басты мәселесі №49 жалпы білім беретін орта мектептің басшысы А.А.Абжанованың жылдық есебі, білім сапасы, жетістіктер, мектептің тәрбие жұмысы мен материалдық базасы туралы мәліметтер.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры А.А.Абжанова сөз алды.

- №49 жалпы білім беретін орта мектебінде бүгінгі таңдағы оқушылар саны – 912. Білім сапасы туралы айтатын болсақ, 2023 – 2024 оқу жылында – 61,9%, 2024 – 2025 оқу жылында – 63,3% болса, 2025 – 2026 оқу жылында сапаны – 65% көтеру жоспарланып отыр. Мектеп түлектері бойынша биылғы оқу жылында 8 оқушы үздік аттестатқа және 4 оқушы Алтын белгіге үміткер болып отыр.

Сондай – ақ, 2025 – 2026 оқу жылындағы педагогтердің санаттарына тоқталатын болсақ, 77 педагогтің 71-і жоғары білімді, 6 педагог – арнаулы орта білімді. Оның ішінде педагог – шебер – 1 педагог, педагог – зерттеуші – 21, педагог – сарапшы – 19, педагог – модератор – 15, санаты жоқ педагогтер саны – 21.

Мектебіміздің зерек білім алушылары жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың жүлдегерлері атанды.

2023 – 2024 оқу жылында 24 оқушы жүлдегер атанса, 2024 – 2025 оқу жылында 26 оқушы, ал 2025 – 2026 оқу жылында I орын – 3 оқушы, II орын – 9 оқушы, III орын – 15 оқушы, Алғыс хат – 1 оқушы. Нәтижесінде 28 оқушымыз олимпиада жеңімпаздары атанды.

Ғылыми жоба «Зерде» жобалары бойынша зерттеу жұмыстары байқауларына қатысу да оқушыларымыздың белсенділігі анықталды. Биылғы оқу жылында ғылыми жобалардың қалалық кезеңінде 5 оқушымыз жүлдегер болды.

II орын – 1 оқушы, III орын – 3 оқушы, Алғыс хатпен – 1 оқушы марапатталды.

Бұл – мектеп оқушыларының сапа көрсеткіштері мен жетістіктері. Сапалы білім беру мақсатында мектептің материалдық базасы да жаңартылып отырды.

2020 жылы қамқоршылық кеңес төрағасы Абат Қожайұлының бастамасымен облыс әкімшілігіне қосымша ғимарат салу жөнінде мәселені көтеріп, 2023 жылы құрылыс басталып, нәтижесінде орын тапшылығы

туралы мәселесі шешіліп, 2024 жылдың желтоқсан айында 250 орындық қосымша ғимарат пайдалануға берілді. Мектептің материалдық – техникалық базасын нығайту мақсатында білім алушыларға қолайлы жағдай жасау кезінде мектепке Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға арналған пандус, ыңғайлы әжетхана, логопед – дефектолог кабинеті жасақталды. Бастауыш сынып оқушыларына арналған жеткілікті көлемде 180 дана киім ілетін шкаф әкелінді. Спорт залға жөндеу жұмыстары жүргізіліп, қажетті спорттық инвентарьлармен жабдықталды. Барлық терезелерге жалюзи, түрлі – түсті принтер, 55 дана бейнекамера, жолақ кілемшелер, қазандық «Боран» пеші, әртүрлі доптар, шахмат, кір тасы, қабырғаға арналған шкафтар, интерактивті 6 тақта, дәнекерлеу аппараты, кондиционер, Led экран, сахна үстелдері және логопед – дефектолог, психолог кабинеттеріне қажетті жиһаздар алынды.

«Мектепке жол» акциясы бойынша 2025 – 2026 оқу жылында 76 оқушыға 46,338 теңгеден ата-аналарының жеке есепшоттарына аударылды.

Тәрбие – білім бастауы. Мектептің тәрбие жұмысы да «Адал азамат» бағдарламасы бойынша өз жоспарлары бойынша жұмыстар атқаруда.

Сөз алды:

Ата-ана, кеңес мүшесі Байгуанов М.С. – бүгінгі жиналыста тыңдалған мектеп директорының қорытынды есебі бойынша жақсы деп бағалайтынын айтты. Мектептің атқарылған жұмыстары мен көрсеткіштеріне оң баға беріп, ата – аналар атынан алғысын білдірді.

Ата – ана Алиева З.Б. – мектеп директорының қорытынды есебінде мектепке бөлінген қаражаттың есебінің тиімді жұмсалып жатқанын атап өтті. Оқушыларды қолдап, дамыту бағытында атқарылған еңбектері үшін алғысын білдірді. Мектеп пен ата – ана арасындағы байланысын нығайту мақсатында ашық есік күніне, ашық сабақтарға, ата-аналар кезекшілігіне үнемі қатысатынын айтты.


Республикалық «КТК» телеарнасының Ақтөбе облысындағы меншікті тілшісі, Кеңес мүшесі Ахаш Ж.Ш. – бүгінгі жиналыстың ашықтығы мен мазмұндылығы, ұсынылған нақты деректер мен атқарылған жұмыстардың нәтижелері және алдағы даму жоспарларымен бекітілгені байқалғанын айтты. Материалдық – техникалық базаның жаңартылуы, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстар, спорттық үйірмелер мен ашық сабақтардың жүйелі түрде өткізіліп жатқаны – білім ордасының даму бағытындағы нақты іске асырылып жатқанына өз пікірін білдірді.

Жиналыс қаулы етеді:

1. №49 жалпы білім беретін орта мектебі басшысының жылдық есебі, сапа көрсеткіші мен жетістіктер нәтижесі жақсы деп бағалансын.
2. Мектептің даму бағдарламасы жоспарына сай жоспарлы жұмыстар әрі қарай жандандырылсын.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:



Аманғосов А.К.

Оразымбетова Б.Н.